

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының доктораны Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызының «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мормондар қауымдастығы: дінтанулық талдау» атты ғылыми диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің берген

ШҚІРІ

Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызының «Мормондар қауымдастығы: дінтанулық талдау» атты диссертациясы қазіргі уақытта қарқынды таралып келе жатқан неопротестанттық деноминациялардың бірі – Иса мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуінің ілімдік және культтік ерекшеліктерін, ұйымдасу формалары мен миссионерлік қызметін дінтанулық тұрғыдан талдауға арналған. Қазіргі таңда елімізде неопротестанттық діни бірлестіктердің белсенді қызметі көпшілік тарапынан да, ғылыми сараптамалық топтар мен ұйымдар тарапынан да үлкен қызығушылық әрі алаңдаушылық тудырып отырғаны белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары еліміздің конфессиональдық кеңістігінде түбегейлі өзгерістер орын алып, діни қатынастар саласы күрделене түсті. Адам құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде діни наным-сенім және ар-ождан бостандығын конституциялық норма ретінде бекіткен Қазақстан Республикасы еліміздегі барлық діндер мен діни бірлестіктердің теңдігін қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде діни және дүниетанымдық плюрализм, діни толеранттылық қазіргі әлеуметтік өміріміздің ажырамас атрибутына айналды.

Еліміздегі діни бірлестіктердің қызметін ғылыми зерттеу қоғамды толғандырып отырған мәселелерді анықтап, жан-жақты жүйелі әрі кешенді талдап, туындауы мүмкін қауіптер мен шиеленістердің алдын алуға мүмкіндік береді. Еліміздегі мормондар қауымдастықтарының қызметін дінтанулық талдау неопротестанттық ағымдардың әрекеттеріне тән ортақ принциптер мен заңдылықтарды түсінуге, миссионерлік, діни білім мен қайырымдылық сияқты негізгі қызмет бағыттарының мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазіргі неопротестанттық діни қауымдастықтардың, соның ішінде мормондық шіркеудің әлеуметтік ұйымдасу формалары мен діни коммуникация тәсілдері мен механизмдерін ашу олардың қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік страттармен қарым-қатынас орнатып, оларға ықпал ету жолдарын ғылыми дінтанулық негізде тану мен түсінуге жол ашады. Осы тұрғыда Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызының «Мормондар қауымдастығы: дінтанулық талдау» атты диссертациясының теориялық және практикалық маңыздылығы мен өзектілігі күмән туғызбайды деп ойлаймын.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу еліміздегі мормон шіркеуін кешенді зерттеуге бағытталған алғашқы еңбек, зерттеу логикасы осы деноминацияның тарихи эволюциясын, діни ілімдік және культтік ерекшеліктерін және қазіргі әлемдегі таралуын осы шіркеудің доктринальдық құжаттарын, жарғылары мен шіркеудің діни және дүниелік қызметін объективті талдауға бағытталған. Бұл докторантқа ғылыми сипаттағы дәйектелген ғылыми тұжырымдар жасап, жаңалықтарын негіздеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында докторант мормондар шіркеуінің ілімдік ерекшеліктерін саралау нәтижесінде оның дәстүрлі христиандықтан айырмашылықтарын, осы шіркеудің діни іліміне тән мистикалық-окульттік элементтерді және шіркеудің АҚШ-та таралуы мен жетістікке жетуінің мәдени-әлеуметтік себептерін анықтайды.

Екінші тарау қазіргі әлемдегі мормондық шіркеудің таралуы, әлеуметтік ұйымдасу формалары мен миссионерлік қызметі талданып, шіркеудің «алғашқы кіші қауымнан» «алып корпорацияға» ұласуының алғышарттары айқындалады. Автор қазіргі дін социологиясындағы «рациональды таңдау теориясына» сүйене отырып, қазіргі діни нарықтағы діндердің «бәсекелестіктегі фирмалар» ретінде әрекет етуінің мормондық шіркеудің ұйымдасу формалары мен қызмет бағыттарына ықпалын ашады.

Зерттеу жұмысының «Қазақстандағы мормондық шіркеуі» деп аталатын үшінші тарауын диссертациялық ізденістің квинтэссенциясы деп айтуға болады. Докторанттың бұл тараудағы тұжырымдары Қазақстандағы мормондар шіркеуінің қызметін тікелей бақылауға негізделеді. Алматы қаласы приходында жүргізген әлеуметтік зерттеулері, шіркеу өмірін сырттай және іштей бақылау, сұқбат формасындағы сауалнама жүргізу, шіркеу сайттарына контент талдау ізденушіге шынайы мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл Қазақстандағы мормондар шіркеуінің ағымдағы қызметі мен стратегиялық мақсаттарын ғылыми теориялық бағамдауға негіз бола алады.

Қортындылай келе, Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызының «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мормондар қауымдастығы: дінтанулық талдау» атты ғылыми диссертациялық жұмысын аяқталған, ғылыми танымдық және практикалық маңызы бар еңбек деп бағалай отырып, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,

**Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті
университетінің дінтану кафедрасының
профессоры, филос.ғ. докторы**



Затов Қ.А.